

Г.Т. МУХАМЕДЖАНОВА
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың докторантты

ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ЛИРИКАЛЫҚ ПРОЗА

Аннотация

Шығармадағы адамның ішкі рухани өмірі, оның сыры, қиялы, толғанысы, қуанышы нәзік лиризм арқылы көрініс табады. Жалпы «лирика», «лиризм» ұғымдары поэзиялық шығармаға қатысты айтылады. Макалада прозадағы лиризмнің көрінісі, зерттелуі қарастырылып, ғалымдардың лирикалық проза туралы пікірлері талданды.

Тірек сөздер: әдебиеттану, лирика, лирикалық проза, лиризм, тек пен жанр, стиль, әдеби тәсіл.

Ключевые слова: литературоведение, лирическая проза, лиризм, жанр, стиль, литературный способ.

Keywords: literary, lyrical prose, lyricism, genre, style, literary way.

Кез келген көркем шығарма бірнеше рухани шындықтың қылышы ретінде қарастырылады: мәтінді тудыруши автордың көзқарасы мен сол мәтінді қабылдаушы оқырманның, бақылаушының, тыңдаушының ішкі жан дүниесі. Сөз өнерінде тек сыртқы объективті шындық қана емес адамның ішкі жан дүниесі суреттелуі, адам жаны диалектикасының ашылу дәрежесі сөз өнерінің интеллектуалдық және эстетикалық байлығының өлшемі болып қала береді. Негізінен «жан қуаттарының» пайда болу, қалыптасу және даму зандылықтарын зерттейтін ғылым психология екені мәлім. Сөз өнерінде адамның ішкі сезіміне бойлап, психологиямен қылышатын тұсы мәтінді эстетикалық қабылдау, нақтырақ айтқанда, ойлану, толғану, тебірену, қүйіну, сүйіну, құлу, жылау, шаттану, шалқу сияқты психологиялық қүйлердің бәрі қарастырылатын лириканың жанрлық сипаты ретінде қарастырылады. Жазба әдебиеттіңдең сиршыл поэзияның, яғни, әдеби мағынасындағы нағыз лириканың болмыс – табиғаты туралы кемел пікір, толымды түсінікті төл әдебиеттануымызда алғаш негізделген – Ахмет Байтұрсынұлы. Лирикаға толғау деген балама термин қолдана отырып, «толғау – сөз өнерінің барып тұрған жері, яғни ең биік шыны»- деп баға берді. «Толғау көнілдің көркем сырларын көрнекті сөздермен айтып білдіріп, адамның көрік ләzzаты басқа сөздердің бәрінен де артық болады» [1, 453], - дейді. Әдебиетші-тілші-ғалым «Әдебиет танытқыш» еңбегінде лириканы «толғау» деп алуының мәні зор. Себебі лирика қасиеті шұбырган оқиғаларда емес, ақынның өзекжарды арман, терен ой, әсерлі сезім ірімдерімен өмір сырын, өмір құбылыстарын шынайы бейнелеп, теренден көрсетуінде. «Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тыскарғы ғаламнан алмай, ішкегі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көнілінің қүйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды. Толғау қысқасынан айтқанда іш казандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көніл құсының сайрауы, жанның тартатын қүйі. Ақындық жалғыз өз көнілінің қүйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, қүйіне салып толғай алуында» [1, 407].

Қалыптасқан ұғым бойынша, лирика дегеніміз – ақынның ойы мен сезімінің ұштасып, ұласып

келіп, тұтас келіп, тұтас көрінуі. Лириканың пәні де, бейнелер ойлары да, бейнелеп көрсетері де – ақынның өз көніл – күйі. «Лирикалық өлеңде, - дейді белгілі сыншы Н.А.Добролюбов лирикаға байланысты тұжырымдамасында, - ақын өзінің табиғаттағы немесе өмірдегі белгілі бір құбылыстан алған тікелей сезім-түсігін айтып береді. Бірақ, мұндағы басты нәрсе – сол түсіктің өзі де, оны ақынның енжар қабылдауы да емес, ақынның сол сыртқы әсерге іштей ұйып, құлай ықылас қоюында. Әдеміліктің, қектем таңының саф мөлдір ауасын жүтудың, кешкілікте қол ұстасып сауық-сайран құрудың рахатын, тағы – тағыларды сезу әркімнің – ак қолынан келер; ал осы әсерлердің бәрін жан – журегіне сол қалпы құйып алып, басқаларға да дәл өзіндей әсер етерлік етіп айтып беру көп адамның қолынан келе қоймайды» [2, 5]. Бұл үшін, әрине, ең алдымен талант керек, содан кейін талғам керек. Әсершілдік, әсіре қызылшылдық және шын жүректен тереңнен толқып, тебірену де бар.

Құбылыстың сыртқы қабын, бояуын ғана көру жеткіліксіз. Оның ішкі мәнін де танып, ұға білу даралығы, жеке стиль нақыштарын көрсету тек қана поэзияға ғана емес прозаға да қатысты айтылады. Өйткені адам факторы, оны зерттеп-зарделеу - әдебиеттің айнымас мақсаты, негізгі тақырыбы ғана емес, жалпы көркемдік дамудың басты бағытын айқындайтын адастырмас темірқазығы. Ахмет Байтұрсынұлы тұжырымы бойынша, көркем сез – көпқабатты құбылыс. Оның құрамында сездің негізгі теориялық басымдықтары белгіленген: «Көркем сез – көніл тілі, жалаң сез зейін тілі. Жалаң сез зейін байлығына қарайтын нәрсе, көркем сез қиял байлығына қарайтын нәрсе. Жалаң сез дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркем сез дүниені көнілдің түйген, қиялдың мензеген әлпіне түсіріп айтады. Жалаң сез айтқанын ақыл табуынша дәлелдеп, мәністеп, ақықат түрінде айтады. Көркем сез айтқанын қиял мензеуінше бейнелеп, көбінесе үйғару түрінде айтады жалаң сез дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады» [3, 255]. Жалпы әдебиеттегі тек пен жанр түрлерінің теориясының негізін тұңғыш рет Аристотель қалады. Аристотель өзінің «Поэтика» еңбегінде әдебиетті «сөзбен өрілген өмір» дейді [4, 55]. Солай деп айта келе ұлы философ оның үш түріне тоқталады. «Оқиғаға автордың өзі қатыспай сырттай бейнелеуі» эпикалық тәсіл деп айта келе ол бұған мысал ретінде Гомер шығармаларын келтіреді. Екінші тәсіл – бұл әдеби тәсіл. Яғни, шығарманың негізі нысанасы - автордың жан толғанысы, ішкі сезімі, лирикалық көніл-күйі. Енді ең соңғысына келер болсақ, ол – драмалық, драма деп атапады. Драмада жазушының бейнелеген кейіпкерлері айтайын деген ойын өзінің іс қимылы, дауыс ырғағы, интонациясы арқылы сахнада береді. Ұақыт өте әдебиет үнемі даму үстінде болғандықтан, тек пен жанр түрлері бір шығарма бойында араласып қолданыла бастады.

Осы әдебиеттандарғы лиризмнің зерттелуі жайлы айтқанда, алдымен Гегельдің енбектерінен бастаймыз, өйткені «Лиризм» ұғымы алғаш Гегельдің енбектерінде кездеседі. Оның ойынша, романтикалық шығармалардың мазмұнының артықшылығы жеке адамның ішкі рухани өмірі, сезімдердің әр алуандығын бере алуы. Бұл тұрғыдан алғанда, ішкі толғаныстар сырттай беріле алмағандықтан, күрделенеді. Осыдан келе, жазушы кейіпкердің ішкі әлемін беру үшін лирикаға жүгінеді.

Оз заманында орыс ғалымы В.Белинский лиризмді тек поэзияға ғана тән құбылыс деп қарамайды. В.Белинский: «Лиризм, существуя сам по себе, как отдельный род поэзии, входит во все другие, как стихия, живит их, как огонь Прометеев живит все создания Зевеса» [5, 283], деп лиризм әдебиеттің барлық жанр түрлеріне тән қасиет екендігін айтады. «Без лиризма эпопея и драма были бы слишком прозаичны и холодно равнодушны к своему содержанию; точно так же, как они становятся медленны, неподвижны и бедны действием, как скоро лиризм делается преобладающим элементом их» деп ғалым эмоциялық қуат пен сезімге толы лиризмді прозаның алтын дінгегі етіп санайды.

Қазіргі кезде бізде лирикалық прозаны тану тәжірибесі жеткіліксіз. Алайда бұл ұғымның нақты ғылыми анықтамасы жоқ. Әдеби сында шығарманың жанрлық емес, қанық эмоциясымен ерешеленетін стильдік тұрғыдан анықтау үшін қолданылады. Сөйтіп ғалымдардың бір тобы прозадарғы лиризмді жанр ретінде қарастыраса, бір тобы стильдік ерекшелік ретінде қарастырады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы орыс әдебиеті лирикалық сипаттың басымдығымен ерекшеленді. Көптеген жазушылар үшін шындықтың лирикалық көрінісі көркем шығарма жазудың негізгі қағидасына айналды. Әсіресе, 50-60 жылдардан бастап осы мәселеге қатысты макалалар баспасөз бетінде көптеп шыға бастады. Ғалымдар бұл шығармалардың жанрлық және стильдік қырларын, өзіндік ерекшеліктерін анықтауга тырысты. Осыдан келіп

әртүрлі пікірлер, көзқарастар пайда болды.

В.Ковалев, Л.Теракопян бастаған бір топ орыс әдебиеттанушылары лирикалық прозаны өз алдына ағым ретінде қарап, оның басты сипаты ретінде терең сыршылдықты атап көрсетеді. Оны әдебиеттануда қалыптасқан белгілі бір ағымдардың қатарында дейді. Яғни, эпикалық, лирикалық, романтикалық сияқты әртүрлі стильдік ағымдардың дамуы нәтижесінде қалыптасқан деп көрсетеді.

Кеңес кезіндегі әдебиеттануда лирикага өзіндік әдеби тек ретінде көзқарас қалыптасты, ол сана мен психиканың ой, сезім секілді және тағы басқа белгілерін қамтитын көркемдік бейне – бейненесерленудің ерекше құрылымымен сипатталады. Лириканың өзі Г.Н.Поспеловтың, Л.И.Тимофеевтің, Г.Л.Абрамовичтің енбектерінен бастау алады. Соңғы екі он жылдықтың ішінде лирикаға заманауи, өзіндік ғылыми, лирика проблемасының теориялық шешімдеріне арналған жұмыстар жарық көрді.

Лирикалық проза туралы айтқанда, В.Д.Сквозниковтың зерттеулеріне тоқталмау мүмкін емес. «Әдебиет теориясы» үш томдығына В.Д.Сквозниковтың «Лирика» еңбегі енгізілген болатын, автор лирикалық поэзияның ажырамас атрибуты ретінде «айқын бейнеленген эмоция, сезімнің болуы, эмоционалдық толқу» белгілерін мойындаиды. Сонымен бірге, ғалым лиризм мен эмоциялылық терең-тендігінің бұзылуы лиризді ұсақтатады және оның кедейлетеді деп санауы әділ. «Лириканың қалыптасуында сезім басты рөлдердің бірін атқарады», дегенмен, «ол тек кейіпкер мінезінің лирикалық бейнеленуі үшін негіз болып табылады» [6]. В.Д.Сквозниковтың лирика теориясының дамуына елеулі үлес қосты, дегенмен ғалымның «лирика» (әдеби тек ретінде) мен лиризм (бір субъективті құбылыс ретінде) ұғымдары арасындағы шектеуліктерді «қажетсіз сколастика» деп есептеуімен көліске орынды емес секілді.

Лирика теориясының көптеген маңызды мәселелерін шешу Г.Н.Поспеловтың «Лирика: әдеби тектер арасында» атты еңбегінде көрініс тапты [7]. Авторды негізгі әдеби тектер арасындағы айырмашылықты не құрайды, әдеби тек ретінде лириканың генезисі туралы мәселелер, оның ерекшелігі туралы сауалдар қызықтырады. Зерттеушінің пікірінше, лириканы тек ретінде, ал лиризді пафостың қасиеті ретінде көреді. Зерттеуші лиризді әдеби шығарманың қасиеті ретінде анықтайты, лирикаға біршама ұқсас, бірақ тікелей оның тектік спецификасына қатысты емес. Алайда кез келген эмоциялық айқындылықты лиризм деп атау дұрыс емес деп пайымдайды. Ауқымды тарихи материалдар негізінде лиризмнің өзекті проблемаларын Л.Л.Гинзбург «Лирика туралы» кітабында қарастырған болатын.

Сюжеттік прозаикалық бейнелеуде тұлғалық бояуды, оның жанрлық табиғатын өзгертуей, әсірелеу оған лиризмдік сипат береді. Лиризм дегеніміз – сезімнің авторлық бейнеленуі, қиял, ой-сана, қызыгуышылық, рухани ұйытқудың көркемдік құбылуы, көркемдік шығармада поэтикалығымен, сөздер мен сөйлемдердің ерекше назымен және қарқындылығымен тартымды. Басынан аяғына дейін лиризме қанық шығармалар да болады. Басқа жағдайларда лиризм тек эпизодтарда ғана байкалады. Бірақ, үнемі лиризм құбылыстардың эмоционалдық-мазмұндық мәнін интерпретациялау факторының рөлін атқарады, шығармашылықтың дара немесе жеке сэттерін, жалпы шығармашылық пен жеке туындылардың элементтерін құрайды.

Әлемді бейне түрінде сипаттаған кездे лиризмнің басты қызметі – суретшінің әлемге деген белгілі кері немесе оң көзқарасын, жеке тұлғалық қатынасын білдіру болып табылады. Лиризм – суретшінің психологиялық көрсеткіші деуге болады. «Лирикалық» күрделі ұғымын анықтау барысында материалға эмоционалды сипат беру үшін психологиялық талдау құралы да болып табылады.

Әдебиеттанушы ғалымдар лирикалық прозаның қазақ әдебиетіндегі бастауы Б.Майлиннің «Шұғаның белгісінен», М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсінен», М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамалынан», Ж.Аймауытовтың «Ақбілегінен» басталады деп айтып жүр. Әсіресе, Ж.Аймауытов нағыз лирикалық прозаның майталманы, лирикалық прозаға алғаш қалам тартқан жазушы десек те артық болмас еді. 1927 жылы С.Сәдуақасов қазақтың атақты үш жазушысының (М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Б.Майлин) бірнеше әнгімесін орыс тіліне аударып, «Молодой Казахстан» атты жинақ құрастырып, оған алғысөз жазады. Құрастыруши қазақтың талантты жазушыларына қысқа да тұжырымды баға береді. «Жұсіпбек - прозамен де жазатын ақын. Ақындық рух Ж.Аймауытовтың өзіне тән стилінен байқалады. Оның шығармалары қаралайым прозадан гөрі өлеңмен жазылған прозаны көбірек еске түсіреді» [8, 344] дейді. Бұл пікір Ж.Аймауытов

шығармашылығына өз кезінде берілген алғашқы әділ бағаның бірі болатын. Кеңестік саясаттың ызығарлы жылдарында жабық жатқан Аймауытов прозасы арада біршама уақыт өтіп, көркем талап пен талғам күшейіп, прозаның озық ұлгілері туған жаңа заманда да өзгеше бітім, ақын қаламынан туған қара сөздің үздік ұлгісі ретінде қабылданған даралығынан айнымады. Жиырмасынышы жылдардан басталып, кейінгі жылдарда жалғасын тапқан зерттеулердің негізгі түйіні Ж.Аймауытов прозасының қалыпты прозадан бөлек, ақындық қуаттан бастау алатын, метафораға құрылған, қазактың көркем тілінің көкжияғін сөздік қор тұрғысынан ғана емес, оқырманға эмоциялық, экспрессиялық терең әсер беретін әуезді, күйлі шығарма деген пікірге келіп саятын.

М.Әуезов қазақ жазушысының лироэпикалық баяндау мәнері өмірді эпикалық тұрғыдан тану тәсілінің мүмкіндігін кеңейтіп, тереңдете түсетіндігін атап өтеді. М.Әуезов «Роман должен иметь плоть и кровь, должен иметь горячее, подчас обжигающее дыхание. Как этого достичь? Насытить организм произведения лиризмом, поэзией, любовью, мечтами» [9, 321]. Фалымның осы бір пікірі жоғарыда айтылғандардың қорытындысы іспетті.

Қорытындылай келе, өмір шындығын бейнелеудегі әдіс-тәсілдер молайып, сан алуан көркемдік ізденістерге жол ашылды. Кейіпкердің жан әлемін бейнелеу, оның көңіл-күйінің сыр шертуі, толқымалы құбылыстары лиризм арқылы көрініс табады. Сондықтан да лирикалық поэзиядан тыс жердегі лиризм мәселеңі, өз алдына маңызды, ері сонына дейін зерттелмеген проблема. Бұл міндет елі де шешуді талап етеді.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, «Жалын», 1991 ж.
- 2 Добролюбов Н.А. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы, «Жазушы», 1952 ж.
- 3 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: «Алаш», 2003 ж. - 408 б.
- 4 Аристотель. Поэтика. Об искусстве поэзии. – Москва: ГИХЛ, 1957 г.
- 5 Белинский В.Г. Разделение поэзии на роды и виды // Полн. собр. соch. М., 1954. Т.5. С.7-68.
- 6 Сквозников В.Д. Лирика // Теория литературы. Основные проблемы в историческом освещении. Роды и жанры литературы. М.: Наука, 1964. - С.173-238.
- 7 Попсев Г.Н. Лирика. Среди литературных родов. М.: Изд-во Московского у-та, 1976. - 208 с.
- 8 Жолдасова Ұ. Әдебиеттің көркемдігі мәселеңі және Ж.Аймауытов прозасындағы лиризм// Хабары филология сериясы. - 2010. - №4-5.-Б.216-220.
- 9 Мұхтар мұрасы – Наследие Мухтара. Ғылыми мақалалар мен зерттеулер/Кұрастырган: Ш.Ыбыраев, С.Корабаев.- Алматы: Қазақстан, 1997.- 352 б.

REFERENCES

- 1 Bajtursynov A. *Ak zhol*. Almaty, Zhalyn, 1991 zh.
- 2 Dobroljubov N.A. *Ysh tomdyk shygarmalar zhinagy*. Almaty, Zhazushy, 1952 zh.
- 3 Bajtursynuly A. *Adebiet tanytqysh*. Almaty, Alash, 2003 zh, 408 b.
- 4 Aristotel'. *Pojetika. Ob iskusstve poezii*,Moskva,GIHL, 1957 g.
- 5 Belinskij V.G. *Razdelenie poezii na rody i vi dy*, Poln. sobr. soch. M., 1954. T.5. S.7-68.
- 6 Skvoznikov V.D. *Lirika* // *Teorija literatury. Osnovnye problemy v istoricheskem osveshhenii. Rody i zhanry literatury*. M.: Nauka, 1964. S.173-238.
- 7 Pospelov G.N. *Lirika. Sredi literaturnyh rodov*. Izd-vo Moskovskogo u-ta, 1976, 208 s.
- 8 Zholdasova U. *Adebiettin korkemidigi maselesi zhane Zh.Ajmauytov prozasyndagy lirizm*, Habary filologija serijasy,2010, №4-5, 216-220.
- 9 Muhtar muraşy – Nasledie Muhtara. Gylymi makalalar men zertteuler, kurastyrgan: Sh.Ybyraev, S.Korabaev, Almaty, Kazakstan, 1997, 352 b.

Г.Т.Мұхамеджанова
Лирическая проза в литературоведении
Резюме

В статье рассматривается исследование лирической прозы в литературоведении. В связи с этим были проведены литературные анализы и подведены выводы.

G. T. Mukhamedzhanova
Lyrical prose in literary
Summary

In the article research of lyric prose is examined in literary criticism. In this connection literary analysis and conclusions were made.